

Приозерск қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 2015 жылғы 25 ақпандағы ХХХХ сессиясының № 40/310 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 наурызда № 3070 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының III сессиясының 2016 жылғы 21 маусымдағы № 3/31 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының III сессиясының 21.06.2016 № 3/31 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Қоса беріліп отырған Приозерск қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары бекітілсін.

Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Ж. Кеңесов

Б. Сәрсембеков

Приозерск қалалық мәслихатының
2015 жылғы 25 ақпандағы
№ 40/310 шешімімен бекітілген

Приозерск қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылына 1 есептік бірлікке келетін текше метр нормасы
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	2,05
2	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	3,56
3	Жатақханалар	1 орын	0,89
4	Қонақ үйлер	1 орын	2,59
5	Балабақшалар	1 орын	0,44
6	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	2,03
7	Емханалар	1 бару	0,36

8	Ауруханалар	1 төсек-орын	0,97
9	Мектептер	1 оқушы	0,16
10	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отырғызу орыны	2,54
11	Кинотеатрлар, концерт залдары	1 отырғызу орны	0,25
12	Спорт, би және ойын залдары	жалпы ауданның 1 шаршы метрі	0,24
13	Азық-түлік дүкендері	сауда ауданның 1 шаршы метрі	2,33
14	Өнеркәсіптік тауарлық дүкендер	сауда ауданның 1 шаршы метрі	0,32
15	Супермаркеттер	сауда ауданның 1 шаршы метрі	1,29
16	Базарлар	сауда ауданның 1 шаршы метрі	1,68
17	Жағажайлар	жалпы ауданның 1 шаршы метрі	0,12
18	Дәріханалар	сауда ауданның 1 шаршы метрі	0,43
19	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автомобильге жанар май құю станциялары, гараждар	1 машина-орны	3,46
20	Автомобиль шеберханалары	1 жұмыскер	5,47
21	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,46
22	Тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы ауданның 1 шаршы метрі	0,62
23	Аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы ауданның 1 шаршы метрі	1,31
24	Жөндеу және қызмет көрсету орындары	1 жұмыс орны	1,31
25	Моншалар, сауналар	жалпы ауданның 1 шаршы метрі	1,22
26	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,41